

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша айы 2022 жыл 1 апта

№1 «Балапан» кіші тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.11.2022ж	Сейсенбі 08.11.2022ж	Сәрсенбі 09.11.2022ж	Бейсенбі 10.11.2022ж	Жұма 11.11.2022ж
Балаларды қабылдау	Әсем әуенмен қарсы алу	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Достық тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп, не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жапсыру «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.	Сөйлеуді дамыту «Әжесін қайсысы жақсы көреді» Мақсаты: Мейірімділікке тәрбиелеу.	Құрастыру «Әдемі ұшақтар» Мақсаты: Балаларға ұшақтар туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету.	Сенсорика, құрастыру «Құлыншақтың жолы» Мақсаты: Балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген төрт түстен: қызыл, көк түстерді тауып алуға үйрету.	Мүсіндеу «Жанғақ кемірген тиін» Мақсаты: Тиін туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту.
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығулар кешені №5 (құралмен)				
	Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шенбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шенбер бойымен тұру. Колдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.к: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдары бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «3-3» деп айту (5 рет қайталау) Б.к: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алшақ қойылған, қолдары бүйірде, оңға-солға бұрылу, әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. (6 рет қайталау) Б.к: «Қайшы» Аяқтары алшақ қойылған, қолды алға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып қайшылау. (6 рет қайталау) Б.к: «Қоян қашты» Аяқтарын біріктіру, қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру (15-20секунд)				

	Қорытынды: (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау. Сурет салу «Құмыра» Мақсаты: Құмыра Туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үйшік» Мақсаты: Үйшік ертегісінен таныстыру. Рөлдерді бөліп ойнауға үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру Дидактикалық ойын: «Пайдалы және зиян тағамдар» Мақсаты: Дәрумендердің пайдасы жөнінде түсінік беру.	Құрастыру Мақсаты: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету	Қоршаған ортамен таныстыру. Қимылды ойын: «Киімімізді жинап үйренеміз» Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтық тандопты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш.	Музыка Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; күрсаудан күрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Сақина жасыру	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; Күрсаудан күрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Қимылды ойын:

					Шыбыққа қалпак кигізу
Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту жаттығуларын жасату	Сөйлеуді дамыту Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты(а,э,е,о,ұ)және кейбірдауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айтуын үйрету Шалқанның суретін салдырту. Сурет салу Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламдықатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Мүсіндеу Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шалқанды мүсіндету Жапсыру	Математика негіздері Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма карап, тапқызу. Құрастыру Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. Құрастыру Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. Көркем әдебиет «Ұсыныссыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету. Мүсіндеу Үйректі ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	

		Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту.			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қағармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Бақылау: «Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Балалармен жеке жұмыс: Тағысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеністікті бағдарлауға үйрету. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.	Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қимылды ойындар:	Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру 1.Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) 2.Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 2.Еркін самғап ұшсың, - деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4.Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады	Бақылау: «Бұлтты бақылау» Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ, қабақты бұлттарды ажырату. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жұмбақ: Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілеттерін арттыру.	Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұрағынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. «Күз» Қара бұлт қабағын гүйеді Бұталар боз қырау киеді, Осы ма, осы ма, күз

		«Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшандыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.		деген Бакшаға баратын бізбенен Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты: Шапшандыққа баулу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері
Серуеннен оралу	Топпен бірге серуен алаңынан топ бөлмесіне оралу. Балалардың сыртқы киімдерін шешуіне көмектесу. Балалардың жеке заттарын орнына қоюын ұйымдастыру. Серуен барысында жинаған материалдарды (жапырақтар, тас, т.б) белгіленген жерге орналастыру. Балалардың қолдарын жуып, тазалықтарын сақтауы.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үтітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. (Математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату (Мүсіндеу) Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету.	«Шалқан» ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (Көркем әдебиет) Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапаларымен қасиеттері н: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру)	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілі ері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру) ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін біре	Көлденең жән етік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Кілемшені сәндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әр түрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайдаланған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. (Жапсыру) Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Құрастыру)

	(Жапсыру)		отырып ермексизден мүсіндету. (Мүсіндеу)		
Балалармен жеке жұмыс	Нұрисламға тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру.	Айзадаға бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	Санжарға өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	Абдурахманға тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету.	Төреге тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету, серуенге арналған құралдарды дайындау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Еркін табиғи қалдық материалдардан құрылымдар құрастырту. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?» Кеністікті бағдарлауға, «жүтір», «құста», «тұр» белгілерінен сәйкес әрекеттер жасауға үйрету	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка) Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Далаға шығып салден соң қарғы болатынын айту. Қарама-қарсытәулікбөліктерінбағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Серуеннен оралу	Топпен бірге серуен алаңынан топ бөлмесіне оралу. Балалардың сыртқы киімдерін шешуіне көмектесу. Балалардың жеке заттарын орнына қоюын ұйымдастыру. Серуен барысында жинаған материалдарды (жапырақтар, тас, т.б) белгіленген жерге орналастыру. Балалардың қолдарын жуып, тазалықтарын сақтауы.				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Не істеу керек, табамыз? Есту зейінін жұмылдыра	Кім алғыр? Құлақтың естігіштігін, сөздік	Сыңғыр - сыңғыр Кеністікте бағдарлану,	Немен ойнап отырмың, тапшы?	«Өз орныңды тап» Есту зейінін жұмылдыра

	білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының аракатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.	нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.	дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту.	Тұрақты есту қабілетін дамыту, дыбысталуы бойынша ажырата білу.	білуін дамыту.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу.	Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Сәтті демалыс тілеу

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы»

МКҚК - әдіскері:

Ү.Г.Нурмухамметова 

« 4 » 11 2022ж